

**6D070700 «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында тау-кен қазбаларын жүргізу кезіндегі көмір мен газдың шығуына қарсы шараларды жетілдіру» тақырыбында Шонтаев Аскар Джаманбаевичтің докторлық диссертациясына
ПІКІР**

Қарағанды бассейнінің істегі шахталарының көмір қабаттарының көпшілігі газмолшылықты болып табылады және олардың басым бөлігі әртүрлі газ-динамикалық құбылыстарға бейімді, олардың қатарына біріншіден көмір мен газдың кенеттен шығуы (лақтырылысы) жатады. Көмір мен газдың кенеттен лақтырылысы адамдардың өміріне қауіп төндіреді, тау-кен жұмыстарын жүргізуді қиындатады, техникалық іркілістер мен апатты салдарға әкелетін аварияларды тудырады. Сондықтан тау-кен қазбаларын жүргізу процесінде кенеттен лақтырылыстың алдын алудың қолданыстағы технологиялық тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселелер Қарағанды көмір бассейнінің шахталарында тау-кен қазбаларын жүргізу кезінде көмір мен газдың кенеттен лақтырылысын болдырмау жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Диссертацияда қарастырылған ғылыми қағидалар, нәтижелер мен қорытындылар жеткілікті дәрежеде негізделген және сенімді, әдеби дереккөздерді кең талдау және ғылыми жалпылау, зерттеу мақсаттарын дұрыс анықтау, әзірленген ұсыныстарды практикалық қызметте пайдалану кезінде оң нәтижелер, сондай-ақ негізгі ережелерді ашық баспасөзде сынақтан өткізу арқылы расталады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы газ шығуын арттыру мен газ қысымын азайту мақсатында кенжар алды сілемінің жоғары кернеу аймақтарына озық ұңғымаларды бұрғылау үшін көмір сілемінің бұзылу аймақтарын анықтау болып табылады.

Диссертацияның ғылыми маңызы қауіпті аймақтардың газдылығының «шекті» шегін анықтау үшін D_6 және K_{10} көмір қабаттары бойынша дайындық қазбаларын жүргізу кезінде аэрогаз жағдайын зерттеу; тау сілемінің кернеу-деформациялық күйі мен шамасын шахталар жағдайында түсіруде оның шамасына әсер ету сипатын ескере отырып, көмір қабаттарының газдылығын анықтау, негізгі мақсаттар ретінде көзделген.

Жұмыстың практикалық маңызы:

- лақтырылыс қауіпті аймақтарға тиімді әсер ету аймағын ұлғайту жолымен газдинамикалық құбылыстарды болдырмау үшін тау-кен сілеміне белсенді әсер етудің геотехнологиялық әдістерін қолдана отырып, лақтырылысқа қарсы іс-шараларды жетілдіру;

- тау-кен сілеміндегі геомеханикалық процестерді компьютерлік модельдеуді қолдана отырып, тау-кен-геологиялық және тау-кен техникалық

факторларына байланысты тау-кен қысымының көріну заңдылықтарын анықтау негізінде кен қазбаларын жүргізуде лақтырылысқа қарсы іс-шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Диссертацияның негізгі ғылыми ережелері, тұжырымдары, ұсыныстары мен практикалық нәтижелері 11 баспа жұмысында жарияланды.

Ұсынылып тұрған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы БҒМ БҒСҚК докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, ал оның авторы Шонтаев Аскар Джаманбаевич 6D070700 «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
техника ғылымдарының докторы
«ҚарТУ» КЕАҚ «Пайдалы кен
орындарын қазып өндіру»
кафедрасының профессоры**



Т.К. Исабек